


Амантай
САТАЕВ




Заман
Әдебиәт



**Амантай
САТАЕВ**

*Замана
экскурсы*



“Сөздік-Словарь”
2006

Бұл туынды Мәдениет, ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша басылып шықты

С23 Сатаев Амантай.

Замана әпсаналары. — Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2006.— 264 бет.

ISBN 9965-822-01-8

Бұл жинаққа белгілі қаламгер, тарихшы Амантай Сатаевтың қаламын тербеткен әңгімелері мен хикаяттары еніп отыр. Халқымыздың ардақты азаматтары, данагөй қариялары жайлы бұрын жалпы жұртқа беймәлім болып келген мәліметтерін көркемдік тәсілмен шығармаға арқау ете білген жазушының туындылары тілге жеңіл, ойға оралымдылығымен ерекшеленеді. Кітап барша оқырман қауымға арналған.

Құрастырып баспаға дайындаған Жанар Сатаева

ББК 84 (5Қаз)7-44

С $\frac{4702250201}{00(05)-06}$

ISBN 9965-822-01-8

© Сатаев А., 2006

© Сөздік-Словарь, 2006

Деректі сөйлеткен дарын

Бұл пәниден хан да, қара да өтеді. Бірақ солардың қалдырған іздері қандай? Ол із оның аруағын ардақтауға жарай ма, әлде елге тигізген пайда-зиянына қарай бағалана ма? Біз кейде кезінде аты шығып, жақсы-жаманды мадақталғандарды жаттап алып қайталай беруді ұнатамыз, ерен еңбек сіңіріп кеткендердің артында қалған мұрасына назар аударуға дұрыстап мән бермейміз, тіпті есімізге түсе қалғанда кежігіміз кейін тартып марғаулыққа салынамыз.

Мұндай ой Амантай Сатаевты есіме алғанда өзінен-өзі көлденеңдеп алдымнан шығып, еріксіз қалам тербетіп отыр.

Сәкен Сейфуллиннің:

Дүниеде ер жігіттің өлгені арман,

Қадірсіз айдалаға көмгені арман.

Мехнатта, қайғы-қасірет, былғанышта

Бәрінен сұм дүниеге келген арман.

Тыншығар біраз жылап сүйген жары

Ұмытар жақын деген достың бәрі.

Дүниеде ұмытпайтын жалғыз-ақ сол

Сорлы ана, көкірек жарған қайғы-зары — деген өлеңі есіме түсіп, ойланып отырмын. Себебі біз ерен еңбегі болса да, атақ-даңқы онша мадақталмаған қарапайым бейнетқорларды “ұмытып” қала береміз. Оның үстіне жоқтаушысы болмаса данышпанның өзі де елене қоймайтын, қалтасы қалыңдардың базары саудалы болатын заманға тап болып отырмыз. Міне, осындай кезде “қайғы-зары басылмайтын ананың” орнына өмір сорабын бірге кешкен, талай азап-бейнетті бірге тартқан қазақтың білімді де зиялы әйелдерінің талпынысын көре бастадық қой деймін. Сондай бейбақтардың бірі Амантай Сатаевтың жары Гүлжан екеніне көзім жетіп отыр.

Амантаймен сәлеміміз дұрыс, жерлес болсақ та қысылған жерде қолтықтан демеп, тарыққан шақта қол үшін берген жан емеспіз. Өрісіміз бөлек, жайлауымыз жақын болмағандықтан біріміздің үйімізден біріміз дәм татпаған жандармыз. “Әдебиет айшыны” апталығында “Көркем шежіре” атты рецензия жарияланғанша Амантайдың кімі бар екен деп ойланып та көрмеген ем. — Ағай рахмет, өзім ауруханада жатып Сіздің мақалаңызды оқып көз жасымды біраз төгіп алдым. Рахмет Сізге. Амантайдың мұрасына оң көзіңізбен қарағаныңызға — деп ашық та жарқын дауысты Гүлжан келінім телефон шалды. Онан кейін — Амантайдың жарияланбаған біраз дүниесін министрліктерге апарып ем, әлі хабар жоқ. Не істерімді білмей жүрмін — деп қамыға сөйлегенде, “тоқтай тұр, біз асыққанмен шенеуніктер асықпайды” деп жұбатқандай болдым. Біраз уақыттан кейін телефоннан таныс жарқын дауыс қайтадан шықты.

— Аға, өтінішім қабыл болып, “Сөздік” басыласынан Амантайдың жарияланбаған дүниелері шығатын болыпты. Хабарды естіп қуанып отырмын. Мен апарып берген 25 баспа табақ дүниеден 15-ін шығаратын көрінеді. Амалым қанша, шыға берсін артында қалған асылы — деп әрі қуанған, әрі мұңайған үнге іштей риза болып мен тұрмын. — Ағай мазалай бергеніме кешірім сұраймын. Енді осы кітапқа кішкентай алғы сөз жазып беріңіз деп өтінейін деп тұрмын, — дегені риза көңілімді онан әрі жібітіп жіберді.

Мен мұны әдейі жазып отырмын. Жарынан айырылып, жесір болып қалған ана-қарындастарымыз көздерінен жас домалатып босай бермей, “болған іске болаттай” бекіп, тас түйін жиналып, енді өз ардақтысының рухани өмірін соза түсуді ойластырғандары абзал.

“Анау есік ашылмады, мына төре дұрыс қабылдамады деп” өкпелегенше, қаранайым қазақтың “бастықтарға пара берме, бара бер” деген мәтелін жиі қолданғандары дұрыс.

Міне, сонда ғана ел көзіне түсіп, көптің есінде жүрген кешегі азаматтарына шайдалары тиеді.

Гүлжанды тұңғыш рет өз үйімде көріп таныстым. Болаттай бекіп, белін буып алған келініме риза болдым.

2004 жылы шыққан “Тұңғықтағы тұнықтар” да, енді жарияланайын деп отырған кітап та жарының екінші өмірін ойлаған жесірдің іс-әрекетінің нәтижесі ретінде ел-жұртқа

рухани байлық сыйлайтыны кәміл. Амантай Сатаевтың мына жинағына жарияланбаған, бірақ елге қажетті әңгіме, новелла, эсселері кірген екен. Әсіресе, Қарлығаш би атанған Төленің өмірбаяндық деректері мен хикаяларын, Шоқанның зиялы адамдармен аралас-құраластығын, тіпті, Абай мен Мәдидің рухастығын, орыстың ойлы да тапқыр ғұламаларына, ақын-жазушыларына Абайдың жұғыстығын, Құрманғазы төңірегіндегі тарихи деректерге, әсіресе түрмедегі іс-әрекетіне арналған әпсаналарын оқығанда көркем шежіреге кезіккендей әсерленесің.

Оның негізгі себебі — Амантайдың мамандығынан, азаматтығынан бастау алып, қалың оқушы қауымға мөлдір сана, мәнді мағлұмат беретін ғұламалығы мен ойындағысының өңін қашырмайтын қаламгерлігінде жатыр. Амантайды қазақ жазушыларының ішінде даралап окшауландыратын қасиеті тарихтың құпиясын білетіндігі, архивте жатқан деректердің қыр-сырын айнымай танып, мөлдіретіп жаза білетіндігінде.

Амантай Мәскеудің тарих-архив институтын тәмамдағандықтан және арам сөйлеп, ардан аттап кетпейтінін, тарихи деректерді айрықша қадірлеп, ақиқаттың анасы — шындыққа қылаң түсірмеуге жан салған қаламгер екенін білгендіктен және жасыратыны жоқ, талай дипломды қалтасына салып жүргендерден ғана емес, тіпті шын ғұлама тарихшы дегендердің өзінен мәлімет-деректерді көп білетініне кепілдік бере аламын. Оның білмейтіні жердің астында ғана болатын және бір кезеңдегі идеологиялық жел-дауылдарға кейбіреулерше майысқақ болмайтын. Міне, сондықтан тұңғықтың түбіне түсіп кеткен, отаршылардың әдейі шыңырауға түсіріп жіберген тұнықтарын сүзіп алатынымыз анық.

Ғаббас Қабышұлының: “Қазақтың жоғары білімді бірінші архивариусы — Амантай археолог, геологтай іздемпіз, құмырсқадай еңбекқор, ғұламашай танымпаз болды” — дегеніне түгелдей қосыламын. Жазғандарын тезірек шығарып, марапат пен қаражатқа ие бола қояйын дейтін ойдың жоқтығынан Амантай кітап түрінде “Дала күйлері”, “Атпайды аққуды”, “Ақын ізімен” деген шығармаларын ғана жариялап кеткен еді. Амантаймен тоқайласқан жерімді айтсам, жоғарғы ойлардың бәрі де шындықтан туып жатқанын аңғарарсыздар. Сәкен Сейфуллиннің соңына түскеніме жарты ғасырдан асып бара жатыр. Оншақты шығарма-зерттеулер жарияладым. 1974 жыл-

дан бері Сәкеннің жүрген жерін, аралаған аймағын түгел шарлап келе жатырмын. Былтыр Сәкеннің Сібірдегі іздерін Павлодар пединституты жасақтаған ғылыми экспедициямен аралап, сапарнама жазып, “Жаңа Сарыарқа” журналында жарияладым.

1985 жылы 29 шілдеде қазақтың аяғы жете бермейтін Семізбұғының бір шетіне — Сәкеннің Сарыадырдағы нағашы жұртына әдейі іздеп бардым. Бұл тарихи жерді қазақ жазушыларынан Амантай Сатаев «Ақын ізімен» деген кітабына материал жинаған кезде көрген екен. Ақжар ауылының адамдары одан басқа адамның бұл өңірге мән бергенін естіген жоқпыз деп отырды” деген-ді. Сәкен Сейфуллинге арналған ғұмырнамамың 1997 жылы шыққан төртінші басылымында, 164-ші бетте атап көрсеткеніме Амантай дән риза болып “Сіз де дерек жинағышсыз-ау” деп масайрап еді.

Құдая тәубе, тарихымызды түптен тартып, ел еңсесін көтеретін күнге де жеттік. Қаншама өз тұқымымыз, өз қанымыз дегенмен Сақ-Гун-Түркі деген-ата-бабаларымызға одырая қарауды әлі күнге дейін қоймай келеміз ғой.

Осы сыңайды сезген, талай рет отқа түсіп, зиялымын дегендерді тарихи шындыққа сендіре алмай, қандастарының намыссыздығына сан мәрте қамқөңіл болған Амантай осы жолы еркін сілтепті. Біреуіміз сенетін, көбіміз әлі де шүбәланатын бауырымыз Аттила-Оттылыны мықтап танытыпты. Себебі біздің көне дүниемізді, қасиетті деректерімізді қасақана бұрмалаған кезді бүгінгілерге түсіндіру үшін тарихи нақтылық керек және талай ғасырдан бері қонған шаң-тозаңнан тазарту, қателіктерді түзету ғылыми арнада болуға тиіс. Амантай осындай қажеттілікті сезініп, Аттиланың ататегін таратардан бұрын “жаланы мол арқалаған жиһангер” екендігін, яғни, Алтайдан Альпіге, Қашқариядан Карпатқа дейінгі алып аймақтан қалай өтіп, батыс елдерін айтқанына көндіргенін тәптіштей суреттейді. Тарихи деректеді бұрмалаған, теріс пікір айтқан талай зерттеушілермен сайысқа түсіп, шындыққа көз жеткізеді. Бауырымызды тануға мүмкіндік жасайды. “Аттиланың өскен ортасы бүгінгі қазақ жері екеніне ешкім шек келтірмейді” — деп түйді. Тарихи деректерге негізделіп жазылған “Тұңғыықтағы тұнықтар” топтамасының авторы кітаптың құлақ күйіне мына ойды ойландырыпты: “Біздің дүмше тарихшыларымыз көмекші салалар дегенді, әсіресе, тарихи деректерді зерттеу, археогра-

фия, палеография, топонимика, этнология, археология, тағы басқа осындай тарихтың жанама арналарына ешбір мән бермей, дағбырт тәртіппен тарихқа жайдақ мініп, жадағай шабуға әуес. Көп жазамыз, асығып-аптығып жазамыз. Тайыз білсек те қамтып, қарбығып тастағымыз келеді. Осыдан барып өркениетті елдердің есті ғалымдарының алдында артымыз ашылып қала береді” — дегенді өзінің көрген-білгендеріне негіздеп айтқанына мен әбден сенемін. Өйткені өзің тарихи-архивтік мәліметтермен жұмыс істеп, толғана жүріп, жасаған қорытындынды мұражай түгіл, кітапхананың есігін ашпайтын ғалым-сымақтардың сіміре айтып, маңдай терімен тапқандай базарлайтындар бізде толып жатыр. Соларға Амантайдың осы кітаптарын ежіктей де үйрене оқуға кеңес берер ем.

Амантайдың өткенді зерттеу және оны оқушыға жеткізу машығында тамаша бір тәсілі бар екен. Ол әрқашан тарихи деректерді жандандырып отырады. Әлем әдебиеті мен тарихынан тапқан жайларды қазақтың көне замандағы жыр-дастандарында баяндалған оқиғалармен байланыстырып, айрықша қажетті тұста шумақ-шумақ жырларды көлденең тартқанда сенбеске шараң қалмайды. Бұл тарихи тақырыпқа шығарма жазғысы келетіндерге адастырмайтын төте жол, өзіңді тануға, өткеніңнің құнын білуге, қасірлеуге бастайтын бірде-бір ажарлы да өнімді арна. Әйтпесе, тарихи еңбектерден теріш алынған мәліметті құр қиялмен оқушыға жалаң баяндап беру, сағыздай созып әңгімелеу шығарманың әсерлігін күшейтпейді, жалғандығын сездіріп, айнытады. Амантай кітаптарынан алатын фибрат осы. Қазақи тақырыпқа, яғни қазақ хандығы құрылғаннан бергі оқиғаларды суреттегенде Амантайдың қаламы қыстырылып-қымтырылууды білмейді, өйткені барлық тарихи дерек оның көз алдында жайылып жатқан сияқты. Мұндай күйге жету көбіне-көп жазайын деген тақырыпты емін-еркін меңгергенде ғана емес, жалпы тарихи таным-білігінің молдығы арқасында қол жететін қасиет. Жан-жақтан хабардар болу кімнің болса да ажарын аша түседі. Осындай еркіндік, судағы балықтай тарих қоймасының тереңіне сүңгу қай шығарманың болмасын ажарын ашып, әлеуметтік мәнін күшейте түседі. Бір ғана мысал: “Тәукеден кейін хандыққа тұтқа болған Болат көбіне өзімен-өзі болды, ел тағдырын ойлаудан гөрі Лхаса, Тибет діни оқуы өтіп кетіп, ел қорғау, басқару ісіне шорқақтау болды” — дегені немесе Тәукеңің Ресейге жіберген елшілері Сары мен Келді

екенін, ал сол “Сарының Ақтамберді жыраудың, Келді даңқты Қаз дауысты Қазыбектің, ал Қалқаман батыр Бұхар жыраудың әкесі екенін, әуелі Жәңгір ханмен, кейін Тәукемен дауласатын Едіге би Шоң мен Торыайғырдың әкесі екеніне осыған дейін көңіл бөлмей келгендігіміздің сыры неде? Оның басты сыры біздің мол тарихымызды рухани өмірімізден бей-хабар сумақай келімсектердің жазатындығында. Оларды қолпаптап, қолтықтарынан көтеріп, көпіртіп келген кешегі идеологияны басқарып келгендердің қырсығынан өз тарихымызды жүдеттік, бүрмаладық” — деп, ашына жазады. Расында да кеңес дәуірінен әрірек зерттеген қазақ тарихшылары некенсаяқ, Кенесары қозғалысын зерттегендерді айыптап соттағаннан кейін ешкім аяқ баспай қойды. Сондықтан көне тарихымызды Басин, Шахматов, Пищулиналар жазып, тарихтың берекесін қашырды. Сондықтан елдігіміздің іргесін “Жеті жарғымен” бекіткен өз-Тәукенің қайраткерлігі жүрдім-бардым әңгімеленіп, көмескі тартқаны, аз насихатталғаны, соңғы кезде біреудің ісін, біреудің сөзін “әр ел, әр ру өзінің белгілі адамына таңып беріп жатқаны” Амантайды шындап қамықтырыпты.

Амантайдың қай зерттеуі, қай эссе, хикаяттары болмасын қазақ тарихын білгісі келетін бүгінгі зерделі оқушылардың санасына мәнді деректер дарытып, евроцентристік көзқарас жайлап алған қапас көңілдерге жарық сәуле түсірегіні, ұлттық намысын оятатыны айдан анық.

Тарихи тақырыпқа шығарма жазатын қаламгерлерге Амантай Сатаев өмір деректерін қалай пайдалану керектігімен қабат, шындықты сөйлете білудің көркемдік айла-амалын да қатар ұсынған екен. Тәуелсіздік келген заманда халқымыздың шыннайы тарихын жасау айрықша жауапкершілікті талап ететін ардақты борыш.

Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
профессор Тұрсынбек Кәкішев

КҮЙ АТАСЫ

(Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына — 175 жыл)

Осыдан ширек ғасыр бұрынғы Орал қаласында болған бір оқиға есіме түсіп отыр. Ол кісі әуелде менімен кездескісі де, әңгімелескісі де келмеді. Қызмет істейтін жерін білдім де іздеп бардым. Музейдегі тарихи нәрселерді сұрадым. Жауап берді, білгенін айтты. Ештеңе әңгіме тақырыбын Құрманғазыға бұрдым. Біраз тіксініп отырды да сыбырлай бастады. Ешкім жоқ секілді. Бәрібір болмайды. Музей заңы солай, тыңдағың келмесе өзің біл.

— Қадағалай караған жан соңғы кезде Құрманғазының күйінен де жыры көбейіп бара жатқанын аңғарар еді. Әйтеуір “асыра сілтеп, шығанға шырқату жоспарын” енді ақын-жазушыларды қойып, күйші, домбырашы, композиторларға да қолдана бастадық. Біздің адамдарға салса, енді біраз жылдан кейін “Құрманғазы жырлары” деген кітап та әзірлеп беруі мүмкін,— деген Мұхаммед Қадырбергенов біраз үнсіздіктен кейін сөзін әрі қарай жалғастырды: — Рас, Күрекеңде де “ауылдың алты ауызы” дегендей, “әу” дерлік ән-жыр болса керек. Мәселен, өз басым, мына шумактың Құрманғазынікі екеніне шүбәланбаймын:

— Біздің елдің жылқысы ала қарын,
Ит жүгірткен, құс салған, қайран Нарын!
Алқалаған әлеумет қолқаласа
Аянсын ба Күрекең қолда барын!...

Мұхаңмен тіл табыса бастадық. Ол кісі менің қарағандылық екенімді білгенде, Мақат Рымжанов деген зиялы адамды еске алды.

— Құрманғазы жайлы деректерді жинатуға түрткі болған осы Мақат Рымжанов еді. Өзі қайда, тірі ме?— деп сұрады.

— Мақат ағамыз аман-есен, әлі де тұғырдан түскен жоқ. Құрманғазы жайлы деректерді жинатуға ұйытқы болса, тіпті жақсы. Қарағандылықтардың Құрманғазы есімін елімізге таныстыра түсуде үлесі салмақты екен,— деп күлдім.

Тарихшы, музей қызметкері Мұхаммед Қадырбергенов музей қорында сақталған өзінің біраз жазбаларымен таныстырды. Журналист Тихон Әліпбаевтің ізденістері туралы айтты. Бұл кісілердің деректерін оқып танысқаннан кейін академик Ахмет Жұбановтың Құрманғазы жайлы зерттеулерін басқаша көзбен оқуға тура келді.

Қадырбергенов жазбаларындағы қымбат деректердің бірі — Құрманғазы ата-тегінің шежіре-кестесі. Бұл кестеден Сағырбайдың бес ағайынды екенін, ал Құрманғазының төрт ағайынды болғанын білдік. Осыған дейінгі Құрманғазы жайлы жинақталған деректерде оның Жаманқара, Тілеуберген деген ағаларының болғанын білмейтінбіз. Сондай-ақ Құрманғазының Қазидан басқа Дәметкен деген қызы болыпты.

Құрманғазының бесінші атасы Балтабай, Балтабайдан тараған қызылқұрт ұрпақтары шетінен домбырашы, он саусақтарынан өнер тамған күйшілер болса керек-ті.

Құрманғазының жетінші атасы Ерші. Ел арасында көп тараған әңгімеге қарағанда, “Ершінің еркегін қойып, әуелі әйелімен айтысып ал” деген мәтел іспеттес нақылдар да бар. Бұған мынандай дәлел келтіруге болады: Қызылқұрттың Ерші деген атасынан еліне әйгілі Білсән, Білек деген апалы-сіңлі ақын қыздар шыққан. Бұлар Құрманғазымен тұстас жасаған адамдар. Білсәннің:

Көшкенде жүк артқанмын кара нарға,
Күн қайда Бекетайдағы Жиделі араларға?
Көлдегі жүзген мен бір аққу едім

Ұшырды мекенімнен ала қарға, — деп басталатын өлеңі әлі күнге дейін ел арасында кеңінен тараған.

Білсәннің сіңлісі Білек те айтысқа түскен, өз тұсындағы ел ішінде елеулі оқиғаларға білек сыбана кірісіп, үзбей үн қосып отырған. Білсән Өтебай деген белші адаммен айтысқан. Қыздың елі ежелгі ата қонысынан жырақтап, қорған, бекініс, форпост, казарма маңын паналап, сағынғанда ғана атамекендерінде айналсоқтап жүреді екен. Білекпен кездескен бетте Өтебай:

— Қашаннан бар баласың дабылың-ай,
Қартайды қызыл тілім шағылып-ай,
Ерегес екіталай жер болғанда
Бұл тілдің жан төзбейді ағымына-ай?! —
Болғанда елің Ерші, құмың Жиде

Жүресің казармада не қылып-ай?!— деп қағытады. Сонда намысы бар Ершінің ер қызы Білек Өтебайға былай деп жауап айтыпты.

— Он бірден бермен қарай сөйледім-ай,
Келгенде қызыл тілге бәйге бермедім-ай,
Қоянда кім озбаған, кім тозбаған
Ағайын-тумамды іздеп келгенім-ай!

Әр заманда қоян жылы қатты келген қысы, аязы мен бораны аралас ызғарлы, ал жазы жауын-шашынсыз аптап болып, мұның арты үлкен жұтқа, ашаршылық-аштыққа жиі кездестіріп отырғаны өткен тарихымыздың беттерінен мол ұшырасады. Оның үстіне қазарма солдаты да айналадағы қазақ ауылдарының малын айдап алып, қоянмен қосарлана қақыратып отырған.

Өткен ғасырдың бірінші, тіпті екінші жартысында да Орал өңірі мен Атырау жағалауында жұт жиі болып тұрған. Сондай-ақ, басқа ұлт өкілдерінің “оқымысты” адамдарының қобдишаларындағы шыны сауыттармен бірге жұкпалы аурулардың микробтары да үздіксіз жетіп жатқан. Оба, түйнеме, шешек, сүзек секілді аурулардың қаптап кетуі де қарапайым қыр қазағының еңсесін көтертпей қойған. Осындай ауыртпалық шақтың күңдірт айнасы іспеттес, қазақ елінің басына орнаған қиынқыстау кездерді еске салатын жыр жолдары да ел ішінде молынан сақталған. Солардың бірін еске алып көрелік:

“Қоян келді,

Оян енді,

Әйтпесе қырыларсың...

Қырыларсың,

Қара обаға ұрынарсың,

Обадан өтсең,

Теке мен Ордың арасында

Шыңғырлауда-ақ жығыларсың...”

Мұндағы Теке, Ор бекініс аттары да, Шыңғырлау жер есімі екенін еске сала кеткен жөн.

Құрманғазы өмір сүрген кезең қандай еді? Енді осыған да бір шола қараған жөн болар деп ойлаймын.

Құрманғазының жас кезінде Исатай мен Махамбет көтерілісі болды. Бүгінде бұл көтеріліске түрліше көзқарастар туа бастады. Бұл да дұрыс. Ақиқатты анықтау үшін түрлі пікірлердің болғаны жөн. Тек сыңаржақтықтан сақтаналық.

Исатай-Махамбет көтерілісіне байланысты жиналған архив деректерінен әзірге Құрманғазы есімін кездестіре алмай отырмыз. Әйткенмен, Байұлының қызылқұрт руының Ершісінен тарайтын біраз адамдардың бұл көтеріліске белсене қатысқаны туралы архивтерде деректер молынан ұшырасады. Мәселен, Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысып, Теке түрмесіне қамалғандардың тізімінде Сәрсенбі Есенбаев, оның балалары Еділбай, Бөрі, Дауыл, Нәдіркүл, сондай-ақ ағайынды Үдір мен Қазанбай

Тортаевтар, Мұстафа Темірбековтердің есімдері аталады. Бұл тұста қызылқұрт руын хорунжай әскери атағы бар сұлтан Күшікғали Сығаев басқарған. Ол қызылқұрт руының беделді адамы, Исатайдың барлаушысы болған Шошақ Құлтуғановты Жәңгір хан мен патша әкімдеріне ұстап береді. Жоғарыда аты аталған қызылқұрт адамдарының көбі соғыс сотымен айыпталып, екі жүз, без жүз шыбық дүреден аман қалып, үстеме жазаларын Прибалтика елдерінде өтеп, біраз жылдардан кейін аман-есен туған мекендеріне оралған. Мұндай руластарымен Құрманғазы кездесіп жүздесіп, әңгімелесуі әбден мүмкін.

Ал енді Құрманғазының өзі жер ауып, Ресей империясының басқа қалаларында болды дегендей деректерге әзірге ұшыраспай тұрмыз. Тағы бір ескерерлік жай: осыған дейін кейбір зерттеу еңбектерінде елес беріп жүрген Құрманғазы Жетісуда болды, Алатауды көрді немесе Орта жүздегі “Сарыарқаны аралады” деп жүргеніміздің бәрі үстірттеу, болжаммен айтылған жалаң сөздер. Кіші жүз жерінде де биіктігі ширек шақырымнан көтерілмейтін тапал төбелер тізбектері бар. Жергілікті ел осы төбелер тізбегін әлі күнге дейін Алатау деп атайды.

Құлазыған күм мен ойдым-ойдым сордың арасында шөбі шалғын жасыл желекті көгілдір алаптар да жиі кездеседі. Осындай көз қуантар көркем өңірдің бірін жергілікті халық Сарыарқа атаса керек-ті. Орталық Қазақстанда кездесетін Өлеңті, Шідерті өзендерінің есімі Орал өңіріндегі суы мол жылғалы сайларға да берілген. Осыған орай Құрманғазы күйлерінің атауы тарихы мен географиялық топонимиканы қабыстыра, салыстыра зерттеудің өзі де дербес бір ғылыми тақырып.

Құрманғазы өмірінің толық жүйесі, әлі бір арнаға салынбай келгенін академик Ахмет Жұбановтың өзі де мойындап өтті. Архив қазынасындағы Құрманғазы өміріне қатысы бар әскери әкімдердің, қазақтың шонжарлары — сұлтан, старшын, билерінің іс-әрекеттерінің өзі де күйші өмірбаянын толықтыра түсуге мол мүмкіндіктер ашады. Мәселен, 1839 жылы Орынбор генерал-губернаторы Василий Алексеевич Перовский (Алексей Разумовский деген патша айналасындағы беделді әкімнің күніне аяқ салғаннан туған шата балаларының бірі) өзі басқарып, Хиуаға жорыққа аттанады. Перовскийдің арнайы шақыруымен бұл жорыққа орыстың жазушы, ақын суретшілері секілді өнер қайраткерлері, географ, тарихшы-этнографтар қатысады. Патша армиясымен жорыққа шыққандардың арасында Петербург-

тің жас суретшісі В. И. Штернбергтің киізүйі ішінде отырған бір топ адамды бейнелеген графикалық шығармасы бар. Осы суреттің астында солдан оңға қарай: «татар молласы, онан кейін саяхатшы-географ П. А. Чихачев, В. И. Даль, суретші В. И. Штернбергтің өзі, этнограф Н. И. Ханыков, географ А. Леман, қырғыз Құрымбай деген жазу бар. Міне, “қырғыз Құрымбай” бізді бір сәт ойға қалдырды.

Ол кезде Ресейдің әскери әкімдері қазақтарды қырғыз деп атағаны тарихтан мәлім. Олай болса, осы суреттегі “Құрымбай” деген қазақ жігітінің кейіп-келбетіне бір сәт назар аударалық. Саяхатшы-географ П. А. Чихачев татар молласымен әңгімелесіп, оны ықылас қоя тыңдап отыр. Былайғы топ та өзара қызу әңгімеде. Құрымбай болса, есіктегі киіз жабуды көтеріп, үйге енді кіріп келе жатыр. Оның сол қолында шам, сонымен бірге, анықтап қараған жанға домбыраның мойны көрінеді.

Жастайынан еті тірі, пысық Құрманғазының Орынбордан Хиуа жорығына шыққан орыс әскеріне ілесіп, біраз жерлерді аралауы әбден мүмкін. Хиуа жорығына қатысқан орыс зиялылары кешке қарай киізүйі ішіндегі жерошақтағы алауды айнала отырып өзара мәжіліс-сұхбат құруды, бұратана деп атаған қырғыздардың өкілдеріне дастан-жыр айтқызып, домбыра тартқызып, ән-күй тыңдауды дәстүрге айналдырса керек-ті. Міне, В. И. Штернберг (бұл суретші А. С. Пушкиннің ақырғы демі біткен сәтін суретке салған) суреті де осындай бір сәтті бейнелеген. Ең қызығы “Құрымбай” деп кіріп келе жатқан жастың есімін жазып қалдыруында болып тұр.

Академик Ахмет Жұбанов өзінің Құрманғазы туралы зерттеуінде күйшінің бір кездері «Құрымбай» атанғанын да келтіреді:

”Сұрасаң менің атым Құрымбай-ды,

Жайықтың суы маған жүрындай-ды.

Шыманның отыз атын бір айдадым,

Қүрекең жай адамға ұрынбайды”, — деп төре Шыман Шолтыровтан өш алған күндерін Қүрекең өлеңмен жырлайды.

Құрманғазы есімінің әр кезеңде өзгеріп келгенін тарихшы Исатай Кенжалиев те растайды: “... көтерілісшілер 1836 жылғы күзде Құрмантай Сағырбаев бағыш жүрген офицердің екі жылқысын айдап кеткен”. (“Жұлдыз”, 1984, N4, 200 б.) И. Кенжалиев келтірген тағы бір тың дерек — Құрманғазының әйелінің есімі Әуес емес, Ақшолпан.

Сонымен В. И. Штернберг суретіндегі Құрымбайымыз жас шамасы жағынан да күйшіге түстес те тұстас келеді. Оның үстіне Құрымбай, Құрмантай, Құрмаш бала шағынан бастап күйлі орыстардың жылқы, түйесін бағып жүрген болса, бұл адам орыс тілін жетік білген жан болып шығады. Қазақ шонжарлары қуғынды күшейте түскенде Құрманғазының Қамыш-Самар, Тал өкпе, Фокей қорымдарына сіңіп кетіп жүруі де тегін емес.

Ахмет Жұбановқа Құрманғазы жайлы деректер жинап, хат жазған жергілікті адамдардың жорамалы күйші 1816—1818 жылдар кезеңінде туған деп шамалайды. 1868 жылы Құрманғазыны кездестірген журналист Никита Савичев күйшіні орта жастағы адам деп бейнелейді. Әрине, В. И. Штернбергтің осы бір графикалық туындысы алдағы уақытта да зерттей түсуді қажет ететін рухани мұра.

Ендігі әңгімені Құрманғазы Сағырбаев жайлы тағы бір тың деректен басталық. Оқиға 1857 жылдың қараша айында Нарын құмындағы Орда қасында казематта болған. Осы казематта Құрманғазымен бірге Нұрбай Тұмашев деген Байбақты руы Құлышық бөлімшесінің қазағы жатқан. Нұрбай төлеңгі руының қазағы Есергеміс Әлімбетовтің атын ұрлағаны үшін 1857 жылдың қарашасының он екінші жұлдызында қамалған екен. Бұлардың қасында үшінші бір адам отырған, бірақ оның есімі жазылмаған.

Бұл тұста Бөкей ордасын Уақытша Кеңес басқаратын. Оның төрағасы Вашенко деген болды. Вашенконың қазақ істері бойынша екі кеңесшісі болған: бірі — Шокин деген де, екіншісі кожа Мұхамедша Бабажанов. Теңіз жағалауындағы бірінші округті Едіге Сүйіншалиев деген басқарады.

Құрманғазының қайын жұрты осы теңіз жағасындағы бірінші округті мекендесе керек. Патша мен Уақытша Кеңестің өкілдері Құрманғазыны іздегенде осы округте тұратын Құрманғазының қайын атасы Игілік Баракбаев, қайынағасы Өтеулі Игілікков, балдызы Балқаш Игіліковтерден қайта-қайта жауап алып, естерін шығарады. Бұл істе, әсіресе, округтің правителі Едіге Сүйіншалиевтің шабарман-вестовойы (қазақша поштабайы) Ақбай Жанабаев ауыл адамдарына әзірейілдей тиеді.

Құрманғазының «Ақбай» атты күйінің шығуына осы адам, оның домбыт, зұлым іс-әрекеттері себепші болмады ма екен деген ойға қаласың?! Бұл Ақбай Құрманғазыны ауылдарында

паналатып, жасырып, жолға шыққанда ат-тұрман, азық-түлік берген есенғұл руының адамдарына да қырғидай тисе керек.

Осы архив деректерінде Құрманғазының мініп қашқан атының түр-түсі де жазылған: азбанкер (мерин мухортый).

Күйшінің қашып жүргендегі жер аттары да қағазға түскен — Қосдәулет, Құмсуат, Тассуат сайлары.

Осы жолы Құрманғазыны көріп, онымен амандасып, жөн сұрасқан жандар да “қаратізімге” ілінген. Олардың арасында Беріш руы есенғұл бөлімінің старшыны Балсан Жақсылықов, осы елдің белгілі адамдары Кемелдік Асауов, Мақы Тұнғатаров, Меңді Дауылбаевтар бар. Соңғы үшеуі күйшіні бірге көрген. Осы үшін бұлар 1859 жылдың көктеміне дейін жауапқа шақырылып отырған.

Тағы бір қызық оқиға: Құрманғазыны ауылдарында жасырғаны үшін Төлек Өтерәлиев деген осы есенғұл елінің бұрынғы старшыны жұмысынан босатылған. Ондағы желеулері — Төлек орыс тілін білмейді. Сөйтіп, осы Теңіз жағалауындағы бірінші округтің екі жүз елу үйлі есенғұлдарына жаңа старшын бекітіп берген.

Осы архив дерегінің ізімен біраз істерді қарауға тура келді. Бірақ бұдан былайғы істерде Құрманғазы Сағырбаев есімі кездеспейді. Ал Нұрбай Тұмашев қашқанмен, жасырына алмай, қайта қолға түссе керек. Бір қызығы “Список арестованных казахов, находящихся в Ханской ставке за 1858 год” деген істе Нұрбай Тұмашевтың есімі Құрманғазының жақын туысы Өтепбергенов Тәңірбергенмен қатар тұр. Тәңірберген түрмеге жалғыз камалмаған. Онымен бірге Дүрдана Исатаева деген келіншек отырған. Бұл келіншек Тәңірбергеннің жақын туысы болғандықтан, бұлардың жұбайласуына жол берілмеген делінеді. Ол кезде де жала жабамыз десе, желеуді жедел таба білген ғой. Бәлкім Тәңірбергенді Құрманғазының кегі үшін де қамаулары мүмкін ғой.

Тағы бір ескерерлік жай: сол кездің өзінде Құрманғазы руының адамдарының арасынан сонау Сібірге айдалып, туған еліне қайтып оралғандар да болған. Солардың бірі қызылқұрт руының ерші бөлімшесінен шыққан Ақбала Мыңкеев. Ол осы кезде хан ордасындағы түрмеде отырған.

XIX ғасырдың елуінші жылдарының соңындағы Құрманғазы басындағы көп сергелденнің бір көрінісі осындай болса керек.

Өмірінің үлкен кезеңі қуғын-сүргінде өткен күйшіні қарапа-

йым халық, қалың бұқара жақсы көрген. Ол қайын жұртында тұрақтап тұра алмағаннан кейін 1860 жылдың басында сол кездегі Бөкейлік Қамыс-Сомар маңына, яғни қазіргі Жаңақала мекен-жайына келіп, біраз уақыт ел ішінде жүреді. Патша өкілдері мен уақытша кеңес белсенділері күйшіні бұл жерде де тұрақтатпайды. Сол тұстағы Талөкпе старшыны Алақай Қуанышқалиұлы мен правительдің жәрдемшісі Байтұрғанұлы Ишанғали бір топ шабарман-алармандарымен Құрманғазының соңына от алып түседі. Күйші Қамыс-Самардан да кетуге мәжбүр болады. Ол белді бекем буып, орыстың қалың ортасына өтеді. Бұл жақта ол жаңа достар, өзінің музыкасын түсінетін жандар табады. Солардың бірі — кешегі Украин елінің ұлы kobzary — Тарас Шевченкомен дәмдес, сырлас болған орыс журналисі Никита Савичев болды. Никита Савичевтің Құрманғазы жайлы бізге жеткен ең құнды еңбегі — “От Карманова до Глинянска” деген жолжазбасы. Бұл туынды орыс тілінде 1868 жылы “Уральские восковые ведомости” газетінде жарық көрді. Орыс журналисі Құрманғазының қандай зор дарын иесі екенін ерекше көрегендікпен жазған.

Міне, 1857 жылдан 1868 жылға дейінгі Құрманғазы өмірінің ізі архив қоры мен газет бетінде осылайша қатталған екен.

Н. Савичев мақаласын елуінші жылдардың ортасында Борис Ерзакович ғылыми арнаға енгізді. Ал Құрманғазы жайлы орталық тарихи архивтегі істі жетпісінші жылдардың басында маған Мәскеуде институтта бірге оқыған студенттік досым, белгілі казак тарихшы-архивісі Қазболат Қожамұратов көрсетіп, таныстырған еді. Мен Құрманғазы жайлы бағалы бұл деректі Қазболаттың өзі жариялар деп күтіп жүрдім. Ақырында Құрманғазы туралы бұл дерек П. Аравиннің “Степные созвездия” деген кітабында жарық көрді.

Өздерін кешегі бір игілікті істердің “пионері” етіп көрсетпекшілер соңғы кезде көбейіп барады. Нығмет Нұрмаков оқыған мұғалімдер семинариясы үйінің қабырғасына мемориал тақта орнаттырып, тағы біреулер Бұқар жыраудың елеусіз жатқан моласын алғаш тапқан болып немесе Шортанбай ақын басына белгі қоюды өздері белсене ұйымдастырып жүргенсіп көрініп жатыр.

Ақан сері мерейтойы кезінде асқан әншіміз жайлы тұңғыш жазған Мағжан Жұмабаевты ұмытып, ауызға да алмадық. Ал Мағжанның салтанатында Ақанды атамадық. Міне, бізде

осындай қылықтар, тіпті бұдан сорақылары да жауапсыз да іздеусіз өтіп жатады.

Жоғарыда аталған үш шаруаның да басы-қасында болып, осы игілікті істерге алғаш қол ұшын жалғап, едәуір хаттармен мақалалар жазып, ата-баба, ардақты арыстарымызға белгі-нышан қойғызуды алғаш бастап, көп атсалысқан мен едім. Қазір өз аттарын өздері шақыратын бағзы біреулер осындай игілікті істерді өздері ғана бітіргендей болып жүр...

Кезінде Құрманғазының аты Ахмет Жұбановтың қуғындалуына байланысты бұқтырыла бастағанда “Дала күйлері” киноповесін жаздым. Оның сарқыншағы он бес жылдан кейін ғана көгілдір экраннан көркемсуретті телефильм түрінде көрсетілді. Ескерткіштерді қорғау қоғамында қызмет етіп жүргенімде ақын Тынышбай Рахымовты Астрахан облысы, Володар ауданы, Алтынжар ауылындағы Құрманғазының мәңгілік тынығып жатқан жеріне жіберіп алдық. Қоғам қызметкерлері осы Алтынжар ауылындағы Құрманғазы музейін жасақтауға өз үлесін қосты. Бұл істен мен де тыс қалған жоқпын.

Соңғы он бес-жиырма жыл бағдарында ұлы күйшінің өмірі мен творчествосын зерттеуге атсалысқан жандар біраз бар. Солардың ішінде елеулі іс тындырғандар деп тарихшы Исатай Кенжалиевті, музыка зерттеушілері Талғат Мерғалиевті, Петр Аравинді, Борис Ерзакович, тағы басқаларды атар еді. Бұлардан ерек айтатын деген кісім антрополог-дәрігер Ноэль Жұмабайұлы Шаяхметов. Ноэль Құрманғазының бассүйегі арқылы оның бет-бейнесін жасады, осыған дейін тарихшыларға да, музыка зерттеушілеріне де белгісіз деректері бар ғылыми мақалалар жариялады. Күйлердің атына байланысты ойларын ортаға салды. Оның көптеген қызықты, нақтылы тұжырымдауларын көзі тірісінде академик Ахмет Жұбановтың өзі қолдады. Құрманғазының поэзиялық бейнесін жасауда халық жазушысы, ақын Хамит Ерғалиевтің еңбегі ересен зор. Хамит ағаммен Құрманғазы еліне жасаған зерттеу сапарым маған көп рухани шабыт берді. Құрманғазы жайлы бірқатар әңгіме, новеллалар жаздым. Олардың біразы баспасөзде жарияланды. Бұл күндері мен осы әңгіме, новеллаларым негізінде сценарий жазып бітірдім, енді осыны қоятын кинорежиссер мен демеуші кәсіпорын іздеп жүрген жайым бар.

Құрманғазы жайлы толыққанды өнер туындысын экранға ұсынар уақыт келді.

Мерейтойлар өтер, ас ішілер, аяқ босатылар, иықтарға шапандар жабылып, мәртебелі меймандар масайрап елдеріне қайтар. Бұдан не пайда? Рухани қандай ләззат қалады?..

Жок, бүгінгі ұрпақ ата-бабалардың үлгілі істерін кітапта, экранда, дыбыс таспасында, мәрмәр мүсін ретінде қалдыруымыз керек. Ол үшін де ерекше дарынды адамдарды осы іске жұмылдыруымыз қажет. Болмаса, сонау Ақсу-Аюлыдағы Шортанбайдың мүсін-кеудесіндей сәулет-мүсін өнерінің арзанқол дүниесіндей, болмаса Қарағанды вокзал алаңында жуырда қойылған Бұқар жыраудың гипс бейнесіндей тым олақ шығармалардың тууына жол бермегеніміз ләзім. Өнерде де, әдебиетімізде де ауа жайылушылық кең өріс алып келе жатқан сынай байқалады “Өзім білем” көбейді, кеуде соғушылық кең тарап барады. “Ит жок болса, доңыз төбеге шығадының” кері келіп қалған секілді.

Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей сынды композиторларымыздың әдеби де, экрандық бейнелерін жасауға барлау жасайтын уақыт толық жетті. Бұл істе әпербақандар мен кәсіпкерлерге жол бермеген жөн.

ҚҰРМАНҒАЗЫ ХАҚЫНДА

Абақтыдағы ән

Орынбор қаласы.

Ақ абақты осы мекеннің сол кезеңдегі көзге көрінерлік ірі құрылысы. Бұл — батыс елдері үлгісімен салынған, әсіресе Петербургтегі сенат алаңындағы атышулы оқиғадан кейін ақ патшаның тікелей өз тапсырмасымен жедел тұрғызылған қауіпті тұтқындар тұрағы.

Абақтының іші қатар тізілген есіктерден тұрады. Қадам басқан сайын аяқ асты салдыр-күлдір етіп, бүкіл абақты іші даңғаза болып кетеді.

Әр есіктің арғы жағында бестен онға дейін жазалы атанған жандар отырады.

Осындай бөлмелердің бірінде домбырасына басын сүйеп, өзгелерден шет ойға шомып Құрманғазы отыр. Қыр жігіті жүдеген, жақтары суалып, дөңестеу келген мұрны тіптен ұзарып, көздері үңірейе түскен, сақал-шашы өсіп кеткен.

Құрманғазының қасына қолында балалайкасы бар орыс жігіті келіп отырды.

— Ей, тамыр! Давай сыграем, устроим той в честь назначения к нам генерал-губернатора Перовского. Мы знавали с когда-то друг друга...

— Пері деген аты қызық екен, — деген Құрманғазы балалайка ұстаған орыстан ығысып, бұрышқа қарай бұрылып кетеді.

— Кел, домбыра мен балалайканы достастырайық! — орыс жігіті балалайкасын шертуді баяу бастап, барған сайын дабылдата жөнелді.

— Біздің ақ патшамыздың алдына барғандардың Никулушкадан сұрайтыны бір ғана нәрсе, ол мынау:

“Орден дай,

Орден дай!

Орден нету

Медаль дай!

Медаль нету

Усадьба дай,

Усадьба нету—

Семнадцатилетнего сына полк забирай,

Потом Оренбургский край отправляй!

Пусть немного послужит,

А зәтем ему чин полковника подавай!”

Түрме бөлмесінде отырғандар ду күліседі.

— Өзің от ауыз, орақ тілді біреу боларсың-ау! Тегін жан түрмеге қамалмайды ғой, — деген Құрманғазы балалайкалы орысқа жайдары жүзбен қарады.

— Сен де маған мына бандураңмен бірдене орындап берсейші, — деп өгінді балалайкасы бар көзілдірікті орыс.

— Құл! Болсын тілегің! — деген Құрманғазы да домбырасымен бидің ырғағына ұқсас әуенді бір күйді орындап шықты.

— Атың кім?

— Сағырбайдың Құрманғазысымын. Байқаймын, осы сенің төбең жарық-ау, сірә.

— Таныс болайық, тамыр болайық! Мен Тобылдан шыққан Алябидің Ескендірімін.

— Әкең Әліби болса, өзің Тобылдан болсаң, бізге де алыс жан емессің ғой. Балалайынды шебер шертеді екенсің, — деген Құрманғазы жаңа танысқан орыстың балалайкасын сұрады, — кәне, бере тұршы. Мен де бір шертіп көрейін мынауынды.

Балалайкасын Құрманғазыға берген Алябьев оның домбырасын альпі, екеуі қосылып, орыстың бір сазын ойнай бастады.

Түрмедегілердің бәрі бұл екеуінің өнерін тамашалап, танданысып отыр еді...

Бір сәтте есік ашылып, бөлмеге бұрқан-талқан болған абақты вахтмистрі кіріп келді.

— Что за концерт! Прекратить музыку! Киргизские арестанты быстро во двор! — деген вахтмистр осы бөлмедегі қазақ тұтқындарын бір-бірлеп санап шығара бастады. Аң-таң болған Құрманғазы да домбырасын қолтығына қысып, басқа жерлестеріне еріп бөлмеден шығып бара жатып, балалайкалы орысқа бұрылып:

— Әйдік домбырашы екенсің! Амандық болса, кездесерміз әлі, Әлібидің Ескендірі! — деп қош айтысты.

— Таксыр-мырзалары келген болар, солар тексерер, — деген Алябьев те қазақ досының соңынан көзілдірігінің шыныларын жалтылдатып қала берді.

...Бөкей ордасында болып жатқан бүліншілікке қатысқан қазақтардың үлкен бір тобы абақтының кең ауласында сап түзеп тұр. Алдыңғы қатардың орта тұсында қолтығында домбырасы бар Құрманғазы да көрінеді.

Абақтының ауласына соңына ерген бір топ нөкер-офицері бар Орынбордың генерал-губернаторы Василий Алексеевич

Перовский кірді. Ол үн-түн жоқ қазақ көтерілісшілерінің қатарын аралап келе жатыр. Бір сәтте Құрманғазының қасына тоқтады.

Абақтының торлы терезесіне жапырлай жабысқан басқа тұтқындар аулада не болып жатқанына кірік қакпай қарап тұр.

Бұлардың арасында Алябьев те бар. Ол қасындағылардың біріне:

— Орынбордың жаңа генерал-губернаторы Перовский келген екен ғой. Анау сол — Василий Алексеевич... мені таныр ма екен?..— деді.

Абақтының ауласында.

Құрманғазының қолындағы домбырасын алып көрген Перовский қасындағы бет-әлпеті сопайған, имек мұрын ұзынтұра нөкеріне:

— Оригинально! Владимир Иванович, надо забрать в музей,— деді.

Губернатордың нөкеріне не айтып тұрғанын ұққан Құрманғазы домбырасын қайтаруды өтініп, сұрағысы келіп, қолын біресе созып, біресе қайтып алып тұрды.

— Сіздің жоғары мәртебеңіз, мына киргизге қазір ойнатып бер десек қайтер еді?— дейді генерал-губернатордың әлгі өзі сөйлескен ұзынтұра нөкері.

— Да, идея, Владимир Иванович. Интересно послушать оригинальную музыку в исполнении оригинального индивидуума, да притом в оригинальном инструменте,— деген Перовский домбыраның шектерін сол қолының сұқ саусағындағы күміс қалыппен қағып көрді де, Құрманғазыға қайтарып:

— Тарт!— деп бұйырды.

Генерал-губернатордың тілегін түсінген Құрманғазы домбырасының құлағын бұрады да, малшасын құрып, жерге жайласып тұрып отырды. Ол күй тарта бастады.

Абақты ауласында сап түзеп тұрған қазақтар біртіндеп, ешқандай бұйрықсыз домбыра тартушы Құрманғазының айналасына жайғасып, отыра бастады. Күйдің күдіреттілігі мен күйшінің орындаушылық шеберлігі соншалық, тіпті генерал-губернатор мен оның соңына ере келген нөкерлері да айналадағы басқа құбылысты ұмытып, аңырайып тыңдап қалды.

Құрманғазы күйді аяқтады. Сүйсініп кеткен тұтқын қазақтың бірі домбырашыны “Уа, жаса!”, екіншісі “Тусаң ту, қасқа!” деп құттықтады.

Осы бір дауыстардан селк ете түскен генерал-губернатор “масқараның” болғанын енді ғана аңғарды.

Перовский жан-жағында жайласып тұрып отырып алған казактарға айнала қарап:

— Что за безобразия?!— деп ақырды.

Тұтқындар жалма-жан орындарынан тұрып, сап түзей бастады. Генерал-губернатордың нөкерлерінің бірі:

— Это, возможно, влияние оригинальной музыки...— деп жауап қатты.

Перовский ашудан терісіне симай, тырсылдап тұр:

— Молчать! Вас не спрашивают! Отнять инструмент у киргиза! Впредь запретить ему играть на подобных бандурах!

Екі офицер Құрманғазының домбырасына жармасты.

Осы сәтте абақтының ауласында:

“Соловей мой, соловей!

Голосистый соловей!”— деген әсем әннің қайырмасы шырқалып барып, тына қалды.

— А это что за концерт!— деген генерал-губернатор торлы терезелерге қарай қадам басты.

Торлы терезелердің бірінде моноклі жалтғылдап, Перовский-ге өте таныс бір адам тұрған секілді көрінеді.

— Адамға адам ұқсай береді екен-ау,— деп күбір еткен Перовский офицерлерге,— қайтып беріндер қырғыздың бандурасын,— деді де артында тұрған ұзынтұраға:

— Алябьевтің сотталғанын білемін, ал оның Орынборда екенін естімеген едім,— деп түйді.

— Сіздің жоғары мәртебеніз, мен оны тексертейін,— дейді ұзынтұра.

— Сөйтiңiзшi, Владимир Иванович. Жаңағы өз әнiн өзi шырқаған бiздiң сол Александр Александрович болар деп ойлаймын. Ендi аялдаудың қажетi аз. Кеттiк,— деген Перовский тез басып, абақты ауласынан шыға бердi.

Заматында домбырасын қайтып бергiзгенге қайран қалған Құрманғазы мен басқа қазақтар да генерал-губернатордың бұл iсiне таңырқасып тұрып қалды.

* * *

Абақтының жеке адам қамалатын бөлмесi.

Жағы суалып, тiптен жүдей түскен Құрманғазы торлы терезе арқылы ашық аспаннан көз айырмайды.

Шырқау биiкте бiр қыран құс қалықтап ұшып жүр. Жас жiгiт ашық аспанда қанатын құлаштай қағып, самғап жүрген

алып құсқа армандай қарап, ыңылдап қана жаңа бір әннің кейбір жолдарын қайталай айтып отыр:

— Сонау аспан көгінде ұшқан

Мен неге жас қыран емеспін?!

Құрманғазы осы бір әуенді бірер рет қайталап қойып, күрсінеді де есік жаққа қарады. Есікті ашып, жас вахтмистр Михаил мен Алябьев кірді.

— Ескендір-ау, сені маған қалай жіберді?— деп қуана сұраған Құрманғазыға Алябьев “үндеме!” дегендей белгі берді. Вахтмистр Михаил шығып кетті.

— Осы кезекші мейірімді жігіт. Екеуімізге ықыласы түсіпті. Соған қарағанда, ән мен күйді жақсы көретін жан. Сені “қайда?” деп сұрап едім, өзі кездестірейін деді, — Ескендір Құрманғазының бөлмесіне шола қарады да:

— Жеке тұратындығың болмаса, орын жетерлік екен, — деп күлді.

Құрманғазы Алябьевке ұзақ сынай қарап отырды да, бір кезде жұлып алғандай:

— Әлібидің ұрпағы, сен тісіңнен шығармасаң, саған бір сыр айтайын, — деп тоқырап қалды.

— Өте құпия болса, айтпа. Ал егер абақтыдан қашуды ойласаң, оныға қуанамын. Мен де сен секілді өнерлі көшпендімен бірге кетер едім. Өттең тек, ертең мені түрмеден босатайын деп отыр. Онан кейін генерал-губернатордың тікелей өз бақылауында боламын.

— Әйтеуір абақтыдан құтылсаң болды емес пе?!

— Жоқ, домбырашым. Ақ патша бізді абақтыдан босатқанымен, қар жауған қабағынан босатпайды ғой. Перовскиймен жас кезімізде дос болғамыз. Қаншалық өзгергенін қайдан білейін. Өзірше “түтқын досыммен кездесе алмаймын, патшаның наследнигі келмек көрінеді, соған қауырт дайындық жасап жатырмын” деп қағаз жазып жіберіпті. Абақты басшыларының да маған неге жиі қалғанын енді түсінерсің, — деді Алябьев.

— Әлібидің ұрпағы-ау, сен де мені түсінші! Даладағы дауыл әзір бәсеңдеген жоқ. Исатай мерт болыпты деп естиміз, ал Махамбет деген ақынымыз бар. Ол Нарынға өтіп кетіпті. Біз секілді еті тірі жігіттердің де соларға барып қосылғаны абзал-ау, — деген Құрманғазы ауыр күрсініп, қол-аяғындағы кісенге қарады, әнеукүнгі ауладағы оқиғадан кейін абақты басшылары қол-аяғыма кісен салып, өзімді өзгелерден бөлектеп тастады. Бәрібір, қашып кетемін!